

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акциялар иелерінің жалпы
жиналысы шешімімен
бекітілді
(2024 жылғы «23» мамыр
№1/2024 отырыс хаттамасы)**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылы атқарылған жұмыс туралы
жылдық есебі**

Астана қ., 2024 жыл

М А З М Ұ Н Ы

1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат
2. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы
3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу өлшемшарттары
4. Директорлар кеңесінің құзыреті
5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі
6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпарат
7. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу
8. Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп
9. Акционерлермен өзара қатынастар
10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру
11. 2023 жылғы Басқарма есебі
12. Басқарма құрамы
13. 2023 жылғы Басқарма отырыстары туралы ақпарат
14. Басқарма жанындағы Комитеттердің 2023 жылғы жұмысы туралы есеп

1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-тың (бұдан әрі – Қоғам) басқару органы болып табылады және ол өз функцияларын «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқаруды қамтамасыз етеді, өз құзыреті шегінде Қоғам Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Қоғамның қызметін тиімді басқару және тиісті түрде бақылау үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамы 6 адам санында сайланды. Акционерлік капиталдың (жай акциялардың жалпы санының 90%-і «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі) құрылымына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің екі мүшесі ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың өкілі болып табылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің үш мүшесі тәуелсіз директор болып табылады, бұл миноритарлық акционерлердің құқықтарын және мүдделерін корпоративтік басқарудың әлемдік үздік тәжірибесіне сәйкес қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қоғамның бас директоры (Басқарма мүшесі) Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің іскерлік беделі мінсіз және салада елеулі жұмыс тәжірибесі бар.

2. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

2021 жылғы қарашада Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 6 адамнан тұратын Директорлар кеңесінің сандық құрамы айқындалды. Осы шешіммен үш жыл өкілеттік мерзімі белгіленіп, Директорлар кеңесінің мүшелері сайланды.

Берілген жазбаша хабарламаларға сәйкес:

2023 жылғы 15 шілдеде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Марлен Оразбековтің өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

2023 жылғы 17 шілдеде Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Марат Ормановтың өз бастамасы бойынша өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес:

2023 жылғы 14 тамызда Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Винишиус Агостини Альвес пен Альберто Мартинес Лопестің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Сол шешіммен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына мыналар сайланды:

1) Болат Закиров – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;

- 2) Ардақ Қасымбек – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 3) Қазбек Құсайынов – тәуелсіз директор;
- 4) Тимоти Глен Миллер – тәуелсіз директор.

Аты, тегі	Лауазымы
Болат Закиров	Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі
Ардақ Қасымбек	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі
Талғат Құрманбаев	Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы)
Қазбек Құсайынов	тәуелсіз директор
Тимоти Глен Миллер	тәуелсіз директор
Адриан Фрейсине	тәуелсіз директор

3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу өлшемшарттары

Директорлар кеңесі мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қоғам Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі Қазбек Құсайынов, Тимоти Глен Миллер және Адриан Фрейсине директорларының тәуелсіздігі фактісін орнатты, сондай-ақ жоғарыда аталған директорлардың тәуелсіз шешімдер қабылдауына елеулі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін әлдебір қатынастар немесе жағдайлар жоқ деп айқындады.

4. Директорлар кеңесінің құзыреті

Директорлар кеңесі Қоғам мүддесінде іс-қимыл жасайды, стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындайды және тұрақты даму қағидаттарын негізге ала отырып, оның қызметінің ұзақмерзімді келешекке негізгі бағыттарын белгілейді. Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді және өзге де маңызды мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасына шешу үшін беріле алмайды.

Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлер жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі, Басқарма және бас директор (Басқарма төрағасы) арасында өкілеттіктерді бөлу Қоғам Жарғысының 11 және 12-баптарымен айқындалады.

Директорлар кеңесі қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Қоғам қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

Директорлар кеңесі өз құзыретінің шегінде Басқарма қызметін бақылауды жүзеге асырады.

6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпарат

2023 жылы Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілетін барлығы бас қосу тәртібінде 16 отырыс өткізілді, оларда Қоғам қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша 142 мәселе қаралып, шешім қабылданды:

Стратегиялық даму

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2022 жылғы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарын негізгі құралдардың қайта бағаланған құны бойынша 2022 жылғы бюджет бөлігінде іске асыру туралы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2024–2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын бекіту.

Қаржылық-шаруашылық қызмет

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2023 жылғы бірінші жартыжылдықтағы аралық (жартыжылдық) қаржылық есептілігін және аралық (жартыжылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі туралы және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі 2022 жылғы дивиденд мөлшері туралы Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- жасалуына «ҚазТрансОйл» АҚ мүдделі болатын мәмілелерді жасасу.

Корпоративтік басқару

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022 жылғы жылдық есебін бекіту;

- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері қызметінің 2023 жылға арналған мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы қызметінің 2023 жылға арналған мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылға корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылға атқарылған жұмысы туралы жылдық есебін мақұлдау.

Ішкі аудит

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған бюджетін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері болып табылады және Қоғамның стратегиялық әрі операциялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдік оқиғаларды уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және азайтуға бағытталған. Қоғамның Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясатқа сәйкес оның негізгі міндеттерінің бірі жоғарғы деңгейден бастап сызықтық деңгейге дейінгі Қоғамда өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқарудың тік процесін енгізу, тәуекелдерді басқару процесін Қоғамның негізгі бизнес-процестерімен интеграциялау болып табылады.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі келесі мәселелерді қарады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының (бұдан әрі - ЕББҰ) өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерін бекіту;
- 2024 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру әрі бағалау нәтижелерін бекіту.

Директорлар кеңесі Қоғамның ЕББҰ қатысушылары/акционерлері жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесі ай сайын Қоғам қызметіндегі негізгі өзгерістер мен басқарушылық есептілікті қарады.

7. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

Директор	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Директорлар кеңесі құрамында болу мерзімі
	Қатысқан отырыстар саны	Қатысқан отырыстар проценті	
Марат Орманов	10-нан 10	100%	01.01.2023 – 16.07.2023
Болат Закиров	5-тен 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Марлен Оразбеков	10-нан 10	100%	01.01.2023 – 14.07.2023
Ардақ Қасымбек	5-тен 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Талғат Құрманбаев	16-дан 16	100%	01.01.2023 – 31.12.2023
Винишиус Агостини Алвес	11-ден 11	100%	01.01.2023 – 14.08.2023
Альберто Мартинес Лопес	11-ден 11	100%	01.01.2023 – 14.08.2023
Қазбек Қусаинов	5-тен 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Тимоти Глен Миллер	5-тен 5	100%	14.08.2023 – 31.12.2023
Адриан Фрейсине	16-дан 16	100%	01.01.2023 – 31.12.2023

Комитеттер Қоғам Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органдары болып табылады және Директорлар кеңесі функцияларының тиімді орындалуына, өз құзыреті шегінде неғұрлым маңызды мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесі жанында үш комитет жұмыс істейді:

- Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті;
- Тағайындаулар және сыйақылар комитеті;
- Ішкі аудит комитеті.

Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет Қоғамның стратегиялық даму, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау мәселелері бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне дайындау жолымен Қоғам Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады, олардың сан құрамын Қоғам Директорлар кеңесі айқындайды. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болуға тиіс.

Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің құрамы (Қоғам Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен сайланды):

- Тимоти Глен Миллер – тәуелсіз директор, төраға;

- Қазбек Қусаинов – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор.

Комитет 2023 жылдың ішінде қатысу тәртібімен екі отырыс және сырттай дауыс беру арқылы бір отырыс өткізді, оларға оның барлық мүшелері қатысты. Отырыстарда мынадай негізгі мәселелер қаралып, олар бойынша ұсынымдар әзірленді.

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысына «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022 жылға таза кірісін бөлу тәртібі және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі 2022 жылға дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар дайындау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдары туралы;

- 2022 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ-тың орнықты даму бойынша есебін қарау туралы;

- «ҚазТрансОйл» АҚ негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын бекіту бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар туралы;

- «ҚазТрансОйл» АҚ миноритарлық акционерлерімен өзара іс-қимыл туралы мәселе бойынша ұсынымдар туралы;

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне оның кадрлық және әлеуметтік саясат саласындағы өкілеттіктерін іске асыру, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау, Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін, оның ішінде Қоғам бас директорын (Басқарма төрағасын), корпоративтік хатшысын және омбудсменін сайлау/тағайындау және сыйақы беру кезінде жәрдем көрсету болып табылады.

Қоғам Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының көпшілігі Комитеттің құрамына кіруі керек. Бұл ретте Қоғам Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары Комитет құрамының көпшілігін қамтуы тиіс.

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің құрамы (Қоғам Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен сайланды):

- Қазбек Қусаинов – тәуелсіз директор, төраға;
- Ардақ Қасымбек – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- Тимоти Глен Миллер – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор.

Комитет отырыстары қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

2023 жыл ішінде Тағайындаулар және сыйақылар комитеті қатысу тәртібімен үш отырыс және сырттай дауыс беру арқылы үш отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер қаралды және ұсынымдар әзірленді:

- 2023 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- 2023 жылға басшы жұмыскерлері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы
- 2023 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшы қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту мәселесі бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері мен корпоративтік хатшысы қызметінің 2022 жылғы уәждемелік негізгі көрсеткіштерін нақты мәндерімен және қорытынды нәтижелілігімен бекіту туралы мәселе бойынша ұсынымдар туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттар тізімін қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар туралы.

Ішкі аудит комитеті

Ішкі аудит комитетінің қызметі сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасымен басқа да мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

Комитеттің үш мүшесі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болулары тиіс.

Ішкі аудит комитетінің құрамы (Қоғам Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен сайланды):

- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор, төраға;
- Қазбек Құсайынов – тәуелсіз директор;
- Ардақ Қасымбек – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- Тимоти Глен Миллер – тәуелсіз директор.

Ішкі аудит комитетінің отырысы қажетіне қарай, бірақ тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Комитет төрағасының шақыруы бойынша аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында Комитет отырыстарына Қоғамның жетекші серіктесі және/немесе сыртқы аудиторының басқа өкілдері - «Эрнст энд Янг» ЖШС қатыса алады.

Есепті кезеңде Ішкі аудит комитеті қатысу тәртібімен 6 отырыс және сырттай дауыс беру арқылы 3 отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022 жылғы жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін алдын ала мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша есебін алдын ала мақұлдау туралы;

- «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының компленс-бақылау қызметінің 2022 жылғы жұмысы туралы есепті қарау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің және оның басшысы қызметінің 2024 жылға арналған функционалдық негізгі көрсеткіштерін алдын ала мақұлдау туралы.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің құрамына қойылатын талаптар және Комитеттердің отырыстарын өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат Қоғамның интернет-ресурсының «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

9. Акционерлермен өзара қатынастар

Қоғам қызметінің басты қағидаттарының бірі акционерлермен мейлінше ашық және тиімді өзара әрекет ету болып табылады.

Акционерлердің негізгі құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі барлық акционерге бірдей тең қарауға кепілдік береді, оларға Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Қоғамды басқаруға қатысуға, Қоғам қызметі туралы ақпаратты және дивидендтер алуға өз құқығын іске асыруға мүмкіндік береді.

Акционерлердің мүдделеріне қатысты ақпарат Қоғамның, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында уақытылы орналастырылады.

Қоғамда Инвесторлармен байланыс қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті Қоғамның инвестициялық-тартымды компания ретіндегі беделін қолдау және нығайту мақсатында Қоғам басшылары мен инвестициялық қоғамдастық (әлеуетті инвесторлар, миноритарлық акционерлер және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары) арасында тиімді байланысты ұйымдастыру болып табылады.

Атап айтқанда, 2023 жылы Қоғамның қызметін жариялау мақсатында KASE платформасында 2022 жылға, 2023 жылдың 1 жартыжылдығына және 2023 жылдың 9 айына өндірістік және қаржылық нәтижелерді жариялау үшін «Эмитент күні» шеңберінде акционерлермен 3 кездесу өткізілді.

2023 жылы Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне Қоғам акционерлерінің өтініштері болған жоқ.

Ірі акционермен өзара қатынастар

Қоғам мен оның ірі акционері ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында Қоғам акцияларының Қазақстан қор биржасында алғашқы орналастырылуына байланысты 2012 жылғы 30 қазанда Қоғам мен оның ірі акционері арасындағы өзара іс-қимылдың ашық нарықтық қағидаттарын

бекітетін және Қоғамға өзінің барлық акционерлерінің мүддесінде әрекет етуге мүмкіндік беретін Өзара қатынастар туралы келісім жасалды.

Келісімнің толық нұсқасы Қоғамның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында «Акционерлерге және инвесторларға» бөлімінде жарияланған.

10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

Директорлар кеңестерінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидаларында белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционерінің өкілдеріне сыйақының мөлшері мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ уәкілетті органының шешімі негізінде айқындалады. Бұл ретте функционалдық міндеттеріне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ директорлар кеңестерінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүдделерін білдіру кіретін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыскерлеріне Директорлар кеңесіне мүшелік үшін сыйақы төленбейді. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын Қоғамның атқарушы органының басшысы осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен жасалған шарттар негізінде мынадай сыйақы төленеді:

Тәуелсіз директорларға:

- жылына 80 мың АҚШ доллары мөлшерінде бекітілген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына қатысқаны үшін 1 мың АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы төленеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне:

- жылына 18 млн. теңге мөлшерінде бекітілген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына қатысқаны үшін 450 мың теңге мөлшерінде қосымша сыйақы төленеді.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің мүшелері тұрақты тұратын жерден тыс өткізілетін Қоғамның Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлары кеңесінің төрағасы және/немесе Басқармасы төрағасы бастамашылық еткен кеңестерге барумен байланысты шығыстарды (жол ақысы, тұрғынжай ақысы, тәулік ақы) өтейді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен жасалған шарттар негізінде 2023 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері, салықтарды қоса алғанда 151 332 мың теңгені құрады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2023 жылы төленген сыйақы

(мың теңге)

Директорлар кеңесінің мүшесі	Жылдық сыйақы	Комитеттердің бас қосқан отырыстарына қатысқаны үшін	Салықтарды шегергенде жиыны	Салықтарды қосқанда жиыны
Винишиус Агостини Алвес	22 495	2 791	25 286	28 733
Альберто Мартинес Лопес	22 495	2 791	25 286	28 733
Тимоти Глен Миллер	13 854	2 425	16 279	18 235
Қазбек Құсайынов	13 853	2 407	16 260	18 235
Ардақ Қасымбек	6 871	1 867	8 738	10 440
Адриан Фрейсине	36 348	5 218	41 566	46 956
Жиыны:	115 916	17 499	133 415	151 332

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары жөнінде қосымша ақпарат Қоғамның интернет-ресурсының «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

11. 2023 жылғы Басқарма есебі

Қоғам Басқармасы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметінің негізгі мақсаттары Қоғам алдында тұрған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету және Даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады: ұждандылық, адалдық, парасаттылық, абайлаушылық, жүйелілік, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, Басқарма туралы ережемен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі қалыптастырады және Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу бойынша атқарылған жұмыстар үшін Директорлар кеңесі алдында есеп береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастырып, үйлестіретін бас директор (Басқарма Төрағасы) басқарады.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржы және адами ресурстарын бөлуге жауапты болады.

Қоғам Басқармасының өкілеттігі туралы қосымша ақпарат Қоғамның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

12. Басқарма құрамы

Қоғамның Директорлар кеңесі 2022 жылғы 1 наурыздан бастап Басқарманың сандық құрамын 7 (жеті) адам етіп айқындау туралы шешім қабылдады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

Аты, тегі	Лауазымы
Талғат Құрманбаев	Бас директор (Басқарма төрағасы)
Темірхан Әбдіров	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Әміржан Оспанов	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Эрик Сағиев	Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары
Жайдарман Исақов	Заң мәселелері жөніндегі басқарушы директор
Ғазиз Қошанов	Әлеуметтік-еңбек қатынастары және жалпы мәселелер жөніндегі басқарушы директор

13. 2023 жылғы Басқарма отырыстары туралы ақпарат

2023 жыл ішінде Қоғам Басқармасы бас қосқан 32 отырыс өткізді, Қоғам Басқармасы 210 мәселе бойынша шешім қабылдады.

Өткізілген отырыстар шеңберінде басқа да мәселелермен қатар келесі негізгі бағыттар бойынша мәселелер қаралып шешімдер қабылданды:

Стратегиялық даму

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру туралы 2022 жылғы есепті мақұлдау
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022-2026 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын негізгі құралдардың қайта бағаланған құны бойынша 2022 жылғы бюджет бөлігінде іске асыру туралы есепті мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша 2024-2028 жылдарға арналған бизнес-жоспарларының жобаларын мақұлдау.

Корпоративтік басқару

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022 жылғы Жылдық есебін мақұлдау;
- 2022 жылғы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін нақты мәндермен және қорытынды нәтижелілікпен бекіту.

Қаржылық-шаруашылық қызмет

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022 жылғы таза табысын бөлу тәртібін және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде 2022 жылғы дивиденд мөлшерін мақұлдау;
- еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдардың 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

- «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін 2024 жылға сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін мақұлдау.

2023 жылы Басқарма отырыстарына қатысу:

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
	Қатысқан отырыстардың саны	Қатысқан отырыстардың проценті	
Талғат Құрманбаев	32-ден 30	94%	01.01.2023 – 31.12.2023
Сәбит Арынов	4-тен 4	100%	01.01.2023 – 02.03.2023
Темірхан Әбдіров	28-ден 20	71%	13.03.2023 – 31.12.2023
Әміржан Оспанов	32-ден 31	97%	01.01.2023 – 31.12.2023
Эрик Сағиев	32-ден 28	87%	01.01.2023 – 31.12.2023
Жайдарман Исақов	32-ден 30	94%	01.01.2023 – 31.12.2023
Ғазиз Қошанов	32-ден 26	81%	01.01.2023 – 31.12.2023

14. Басқарма жанындағы Комитеттердің 2023 жылғы жұмысы туралы есеп

Тәуекелдер жөніндегі Комитет Қоғам Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және Қоғам мен оның ЕББҰ тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарау және қажетті шешімдер қабылдау үшін Қоғам Басқармасына үшін олар бойынша ұсынымдар дайындау үшін құрылған.

Тәуекелдер комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, Қоғам органдарының шешімдерін және Қоғам Басқармасының шешімімен

бекітілген (2019 жылғы 21 қаңтардағы №2 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Жоғарыда көрсетілген Ереженің 13-тармағына сәйкес Тәуекелдер комитеті Қоғам Басқармасы бекітетін жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес отырыстар өткізеді.

Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2023 жылғы 20 қаңтардағы №1 отырыс хаттамасы) Тәуекелдер комитетінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес есепті кезеңде Тәуекелдер комитеті 7 отырыс өткізді, онда:

1) Қоғам мен оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша 2022 жылдың 4-тоқсанына және 2023 жылдың 1-3-тоқсандарына тоқсан сайынғы есептері қаралды және келісілді;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерінің жіктеуіші қаралды және келісілді;

3) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың кейбір бизнес-процестері бойынша тәуекелдер мен бақылаулардың блок-схемалары, матрицалары қаралды және келісілді;

4) Қоғамның және оның ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін 2024 жылға сәйкестендіру және бағалау нәтижелері қаралды және келісілді.

Тәуекелдер комитеті есепті кезеңде қараған және келіскен барлық мәселелер белгіленген тәртіпте Қоғамның тиісті органдарының әрі қарай қарауына және/немесе бекітуіне шығарылды.